

**Қарағанды қаласы білім басқармасының Балқаш қаласы білім
бөлімінің «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

Педагогикалық кеңес

Хаттама №1

Өткізілген күні: 28.08.2025

Кеңес төрайымы: Г.Манатаева

Хатшы: Д.Кәкітай

Қатысқаны: 57 адам (тізімі қосымшада)

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері.
Г.Манатаева, мектеп директоры
2. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде 2025–2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері жөніндегі әдістемелік-нұсқау хатты түсіндіру туралы
Сахариева М.М., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру туралы
Мусаханова Д.Ж., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. 2025-2026 оқу жылындағы педагогтардың аттестаттау үдерісін ұйымдастыру алгоритмі туралы
Сахариева М.М., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5. «Жасанды интеллект – білім келешегін өзгертуші күш» туралы
Мерейхан Г., директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары
6. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру. Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттары туралы
Г.Қанат, әлеуметтік педагог
7. 2025-2026 оқу жылының басталуын ұйымдастыру: -оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарын бекіту туралы
Г.Манатаева, мектеп директоры
8. Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «№12 ЖОББ мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ішкі тәртіп ережелері туралы
Г.Манатаева, мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г.М.Манатаева сөйледі. 2025-2026 жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Оқу жылының басталуы 1 қыркүйек екенін, оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33 оқу аптасы, 2-10 сыныптарда 34 оқу аптасы барын, мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылатынын хабарлады. Сонымен қатар, алғашқы қоңырау мерекесі салтанатты түрде өткізілетінін ескертіп өтті. Мектептің басты мақсаты-білім сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жүйелеу, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу екендігі атап өтілді. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналармен серіктестікті күшейту мәселелері қаралды.

Күн тәртібінде белгіленген екінші мәселеге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.М.Сахариева тоқталып өтті. ҚР Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген әдістемелік-нұсқау хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды. Баяндамасында 2025–2026 оқу жылының ерекшеліктері; оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістер; білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға қойылатын талаптар; критериалды бағалау жүйесін жетілдіру; оқу жүктемесінің көлемі, пәндер бойынша сағат санының өзгерісі; педагогтердің құзыреттілігін арттыруға бағытталған жаңа әдістемелік ұсынымдар қамтылды. Әсіресе, бастауыш мектепте оқу мен жазу дағдыларын жетілдіруге, орта буында ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндердің кіріктірілуіне, жоғары сыныптарда бейіндік пәндерді таңдау мүмкіндіктерінің кеңейтілуіне назар аударылды. Сонымен қатар цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, мектеп пен ата-аналардың серіктестігін нығайту мәселелері қозғалды.

Күн тәртібінде белгіленген үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Мусаханова «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша сөз қозғады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде енгізілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік, мейірімділік, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерді қалыптастыру. Бағдарламаның міндеттері – оқушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген өмірлік ұстанымын қалыптастыру, әлеуметтік белсенділігін арттыру, құқықтық және қаржылық сауаттылығын дамыту, ата-ана мен қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Бағдарламаны жүзеге асыру бағыттары ретінде рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық, еңбек-экологиялық тәрбие және отбасылық құндылықтарды

дәріптеу қарастырылған. Күтілетін нәтиже – оқушылардың бойында адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік қасиеттерінің артуы, жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуы, әлеуметтік белсенді, отансүйгіш жастардың тәрбиеленуі.

Күн тәртібінде белгіленген төртінші мәселеге директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.М.Сахариева тоқталды. Жалпы мектеп бойынша 2026 жылы 6 педагог аттестациядан өту керек. Портфолиолары №514 бұйрыққа сәйкес. «Өрлеу», «НЗМ» және халықаралық платформалардан сертификаттары бар. Педагогикалық идеялар фестиваліне қатысқан; Алғыс хаттар мен марапаттар жинақталған. Педагог портфолиосы №514 бұйрық талаптарына толық сәйкес келеді. Педагогтің кәсіби қызметі жүйелі және нәтижелі екендігі құжаттық түрде дәлелденген. Оқу және тәрбие процесінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, ғылыми-әдістемелік және кәсіби дамуға белсенді қатысады. Портфолио сапалы безендірілген, мазмұны нақты және дәлелді. 2025-2026 оқу жылында 8 педагог аттестациядан өтуге өтініш тастап отырғанын айтты.

Күн тәртібінде белгіленген бесінші мәселе бойынша директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Г.Мерейхан «Жасанды интеллект – білім келешегін өзгертуші күш» тақырыбында сөйледі. «Жасанды интеллект – білім келешегін өзгертуші күш». Жасанды интеллект – қазіргі қоғамның дамуына ықпал ететін стратегиялық құрал. Білім беру жүйесінде ол дәстүрлі оқытуды жаңа деңгейге көтеріп, әр оқушыға жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. ЖИ мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді: тест пен жазба жұмыстарын автоматты түрде тексеріп, уақытты үнемдейді. Сабақта виртуалды ассистенттер, чат-боттар, интерактивті әдістер қолданылады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады және білім сапасын жақсартады. Дарынды және ерекше білімді қажет ететін балалар үшін арнайы қосымшалар қолжетімділікті арттырады. Дегенмен, ақпараттық қауіпсіздік пен тәуелділік мәселелерін ескеріп, ЖИ-ді тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыру қажет екенін түсіндірді.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Қанат тоқталып өтті. Мектепте 2025-2026 оқу жылынан бастап әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнқөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға тегін тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылуда. 1-4 сынып бюджет қаражатынан тамақтанады, 5-11 сынып оқушылары отбасы табыс көзінің төмендігін (аз қамтылған, көп балалы) растайтын құжаттарды тапсырған соң оларға бюджет қаражатынан тегін тамаққа ақша бөлінеді. Асханада тегін тамақтануды ұйымдастыру үшін жиналатын құжаттармен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі жетінші, сегізінше мәселе бойынша мектеп директоры Г.М.Манатаева өзі тоқталып өтті. Жаңа оқу жылының басталуына орай мектептің негізгі құжаттары мен жоспарлары қарастырылды. Оқу жұмыс жоспары ҚР БҒМ нормативтік талаптарына сәйкес әзірленіп, пәндер сағаттары, таңдау курстары мен факультативтер енгізілді. Білім алушылардың тізімдік құрамы нақтыланып, әр сыныпқа сынып жетекшілері тағайындалып, кабинеттер бекітілді. Кабинет меңгерушілері таныстырылды. Педагогтердің оқу жүктемесі (тарификация) әділ бөлініп, тарификациялық кесте бекітілді. Сабақ кестесі санитарлық талаптарға және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жасалды. Мектепті дамыту жоспары білім сапасын арттыруға, цифрлық ресурстарды енгізуге, шығармашылық пен ғылыми ізденісті қолдауға бағытталды. Педагогикалық кеңес жоспары оқу-тәрбие жұмысының өзекті мәселелерін талқылауды қамтиды. Әдістемелік кеңес жоспары мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, жас мамандарды қолдауға негізделді. Осы құжаттарды бекіту – жаңа оқу жылын жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мақсатымыз – сапалы білім мен тәрбиені қамтамасыз ету екенін айтты. Мектептегі кеңес отырыс хаттамалары электронды түрде жазу ұсынылды.

Мектептің ішкі тәртіп ережелері оқу-тәрбие процесінің тиімді жүргізілуін, педагогтар мен оқушылар арасындағы өзара сыйластықты, еңбек тәртібін және қауіпсіз орта қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Педагогикалық ұжым өз міндеттерін сапалы орындап, кәсіби әдептілік нормаларын сақтауы тиіс. Оқушылар сабаққа уақытылы қатысып, мектеп мүлкін ұқыпты ұстауға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға міндетті. Қызметкерлер еңбек тәртібін сақтап, қауіпсіздік техникасын орындауы қажет. Ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда заңнамаға сәйкес тәртіптік шаралар қолданылады. Бұл құжат оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға және мектепте қолайлы, қауіпсіз орта құруға бағытталғанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025 жылғы 1 қыркүйек күні 1–10 сынып оқушыларымен таза ауада салтанатты жиын өткізіліп, оған барлық сынып жетекшілерінің қатысуы міндеттелсін. (сынып жетекшілердің келісімімен)
2. 2025–2026 оқу жылының басты мақсатына сәйкес білім сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және цифрлық ортада тиімді білім беру бойынша жұмыстары ұйымдастырылсын. Пән бойынша кіріс бақылаулары алынсын.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде іске асырылатын іс-шараларды ұйымдастыру, бағдарламаның пәндерге

интеграциялануы және сабақ процесінде жүзеге асырылуы пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне жүктелсін.

4. 2025-2026 оқу жылында педагогтерді аттестаттаудан өткізу ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен қағидаларға сәйкес жүргізіліп, аттестатталушы педагогтер портфолиоарын «Ұстаз» ұлттық платформасына тіркеу жұмыстары жүргізілсін.
5. Мұғалімдерге оқу-тәрбие процесінде жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану ұсынылсын, информатика пәні мұғалімдеріне ЖИ бойынша педагогтерге арналған тренингтер өткізу жүктелсін.
6. 1-4 сынып оқушылары бюджет қаражатынан тамақтансын, әлеуметтік жағдайларына байланысты оқушылардың құжаттары тапсырылып, асханада тамақтану ұйымдастырылсын.
7. Оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспары, білім алушылардың тізімдік құрамы, педагогтердің оқу жүктемесі мен сабақ кестесі, мектепті дамыту, педагогикалық және әдістемелік кеңестің жоспарлары қаралып, әр сыныпқа аталған ұстаздар сынып жетекші болып бекітілсін. Мектептегі кеңес отырыс хаттамалары электронды түрде жазылсын.
8. №12 мектептің ішкі тәртіп ережелері бекітіліп, барлық педагогтерге, қызметкерлерге және білім алушыларға таныстырылсын. Сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге оқушыларға ішкі тәртіп ережелерін түсіндіру және орындалуын бақылау міндеттелсін.

Кеңес төрайымы:



Г.М.Манатаева

Хатшы:

Д.Кәкітай

Педагогтердің тізімі

Манатаева Гульзада Мукатаевна
Сахариева Мадина Мукановна
Жуматова Индира Жанатқызы
Абил Гулжанат Төлеукадыровна
Мусаханова Дидар Жанатқызы
Имангалиева Жанылган Муратовна
Болеген Жанболат
Есмахан Сая Қасқырбайқызы
Кенесова Гулдана Тлеубергенқызы
Абишова Мадина Шотбайқызы
Спатаева Шырақ Сагындыковна
Курлыс Марал Ержановна
Мерейхан Гулжайнар
Керімбек Мейрамбек Өлкудаұлы
Темірғалы Есбатыр Ерболұлы
Тіллабек Азат Талғатұлы
Эрдэнэбат Гулжайна
Айтбекова Инабат Дүйсенғалиқызы
Жунусова Айнур Талгатовна
Аймакова Асемай Рустемовна
Қанат Гүлім
Әбілда Ақбаян Базарбекқызы
Дихан Хақназар Талғатұлы
Макажанов Канат Танырбергеневич
Сайлау Әділет Жүсіпбекұлы
Сауғанбаев Құралбек
Қабиден Ерасыл Тайтолеуұлы
Мықтыбек Айдана Жұмағалиқызы
Рахимбеков Шалкар Рахманұлы
Шаймерден Асел Жасұланқызы
Балтабай Мөлдір Серғазықызы
Дүйсенбекова Әсем Русланқызы
Исабаева Айман Тұрсымбековна
Керейбаева Асел Алимжановна
Саметова Бакшагуль Талгатовна
Болтайханова Таншолпан Жадырабекқызы
Бекзатқызы Айша
Жолдасбаева Асемгуль Ариевна

Ынтыкбаева Каршыга Советказыевна
Кыстаубаева Эльмира Орынкулкызы
Жабалтаева Фариза Калиаскаровна
Көкіш Сәния Жұмабеккызы
Одақбай Елдар
Шарипова Гульнур Баймбеткызы
Сатмаганбетова Сания Ногметуллаевна
Пшенбаева Жібек Казкеновна
Сағынтай Айткүл Болаткызы
Балмаганбетова Гүлназ Есимхановна
Жакупова Әсем Тулендікызы
Сағынтаева Дамира Болаткызы
Амирбаева Акмарал Руслановна
Смайлова Гульбакыт Жасымбековна
Калибеков Омирали Сагиндыкович
Сәтбек Саламат
Сауриков Олжас Аманкулулы
Абикенова Гулшат Ахметова
Амантай Ерсұлтан